

Ерікті өрт сөндірушілерді бастапқы даярлаудың оқу бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 қарашадағы № 888 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 желтоқсанда № 12416 болып тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 352 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған ерікті өрт сөндірушілерді бастапқы даярлаудың оқу бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауга жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Ерікті өрт сөндірушілерді бастапқы даярлаудың оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 27

мамырдағы № 256 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9493 болып тіркелген, 2014 жылғы 13 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

полиция генерал-полковнигі

К. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 7 қарашадағы
№ 888 бұйрығымен
бектілген

Ерікті өрт сөндірушілерді бастапқы даярлаудың оқу бағдарламасы

Ескерту. Оқу бағдарламасы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 352 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

p/c №	Тақырыптың атауы	Сағат саны			
		барлығы	оның ішінде	аудитория	практикалық
1. Ерікті өрт сөндірушілерді даярлаудың тақырыптық жоспары					
1. Өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық база					
1	Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.	2	2	-	
Барлығы:		2	2	-	
2. Өрт-құтқару дайындығы					
1	Жауынгерлік күім мен құрал-жабдық. Дабыл бойынша жиналу, жолға шығу және өрт орнына жету.	2	1	1	
	Өрт құбырлары, қол және лафеттік окпандармен өрт				

2	сөндіру заттарын беру бойынша жаттыгулар.	1	-	1
3	Өрт сатыларымен жаттығу.	1	-	1
4	Құтқару арқанымен жаттығу. Құтқару және өзін-өзі құтқару.	2	1	1
5	Өртте конструкцияларды ашу және құру.	2	1	1
6	Су көзіне өрт сөндіру автомобилін (мотопомпанды) қойып өрістету. Өрістету кезіндегі өрт сөндірушінің іс-қимылдары.	2	1	1
Барлығы:		10	4	6

3. Арнайы жабдықтар, байланыс құралдары, арнайы өрт техникасы

1	Өрт сөндіру автомобилдері мен өрт сөндіру мотопомпаларының тактикалық-техникалық сипаттамалары.	2	2	-
2	Өрт сөндіру автомобилдерімен шығарылатын өрт-техникалық жабдық.	1	1	-1
3	Өрт құбырлары, құбырлық жабдық, өрт оқпандары.	1	1	-
4	Өрт сөндіргіштер.	1	-	1
5	Байланысты үйымдастыру.	1	1	-
Барлығы:		6	5	1

4. Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу және өртті сөндіру тактикасы

1	Жану және жанғыш заттар, өрт және оның ершүі туралы жалпы мәліметтер. Өртте жануды тоқтататын негіздер .	1	1	-
---	--	---	---	---

2	Өртті барлау. Өртті барлау кезіндегі іс-қимылдар.	1	1	-
3	Өрттегі іздеу-құтқару жұмыстары. Адамдарды құтқару және мұлікті көшіру кезіндегі іс-қимылдар.	1	1	-
4	Өртті сөндіру тактикасы. Өрт сөндіру кезіндегі іс-қимылдар.	1	1	-
5	Елді мекендер мен үйымдарда өрттерді сөндірудің ерекшеліктері.	1	1	-
6	Дала өрттерін сөндіру ерекшеліктері.	1	1	-
Барлығы:		6	6	-

5. Өрттің профилактикалық дайындығы

1	Елді мекендердің, үйымдардың, дала алқаптарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары.	1	1	-
2	Құрылыш материалдарының түрлері және олардың жанғыштығы.	1	1	-
3	Елді мекендердегі, үйымдардағы, дала алқаптардағы жалпы өрт қауіпсіздігінің шаралары. Отпен байланысты және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі өртке қарсы іс-шаралар.	1	1	-
4	Сыртқы және ішкі өртке қарсы сүмен жабдықтау.	2	1	1
Барлығы:		5	4	1

6. Өртте зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету

1	Қан кетуді тоқтатудың негізгі қағидалары.	1	1	-
2	Жасанды тыныс алдыру мен жүректі сыртынан (тұсынан) уқалаудың негізгі қағидалары мен әдістері. Тамырдың соғуын анықтау.	2	1	1
3	Жарақат алғанда, шытынаганда, бұын тайғанда, сынғанда алғашқы көмек көрсету тәсілдері.	2	1	1
4	Үсіген, термиялық және химиялық күйгендे алғашқы көмек көрсету тәсілдері.	2	1	1
Барлығы:		7	4	3

7. Халықты өрт қауіпсіздігі шараларына және өрт шыққан кездегі іс-қимылдарға оқыту

1	Халықпен өртке қарсы нұскама жүргізу және өрт-техникалық минимумды зерделеу.	1	1	-
Барлығы:		1	1	-

8. Қауіпсіздік техникасы

1	Өрт сөндіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	1	1	-
Барлығы:		1	1	-

9. Психологиялық дайындық

1	Қысылтаяң жағдайда іс-қимылдарға психологиялық дайындық.	1	1	-
Барлығы:		1	1	-
Сынақ тапсыру.		2	1	1
Барлық сағат		41	29	12

2. Ерікті өрт сөндіруші-жүргіштерді даярлаудың тақырыптық жоспары

p/c №	Тақырыптың атапуы	Сағат саны		
		барлығы	оның ішінде	
			аудитория	практикалық

1	Өрт сөндіру автомобильдерінің жіктелуі мен танбалануы.	1	1	-	
2	Негізгі мақсаттағы өрт сөндіру автомобильдері және негізгі тактикалық-техникалық деректер.	1	1	-	
3	Арнайы мақсаттағы өрт сөндіру автомобильдері және негізгі тактикалық-техникалық деректер.	1	1	-	
4	Қозғалтқышты қосымша салқындау жүйесі. Сұмен көбіктендіргішке арналған сыйымдылық. Су, көбіктендіргіш, сорғыш бөлігінің сыйымдылықтарын жылдыту.	1	-	1	
5	Өрт сөндіру сорғыштары.	3	1	2	
6	Вакуумдық жүйе. Газ ағысты вакуум аппаратының және газ сигналаның блогы.	1	-	1	
7	Көбікпен сөндіру құралдары, аспаптары мен аппараттары.	2	1	1	
8	Өрт сөндіру мотопомпалары.	1	-	1	
9	Басқару органдары. Өрт сөндіру автомобильдерінің бақылау-өлшеу құралдары. Өрт сөндіру автомобильдерінің қосымша электр жабдығы. Жауынгерлік	1		1	

	есептоптың кабинасына жылу беру.		-		
10	Шанақ, өрт-техникалық жабдық.	1	-	1	
11	Өрт сөндіру автомобильдері мен олардың арнайы агрегаттарының техникалық жай-күйін диагностикалау.	2	1	1	
12	Өрт сөндіру автомобилі жүргізушісінің біліктілік сипаттамасы мен міндеттері.	1	1	-	
13	Өрт сөндіру автомобильдеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу.	2	1	1	
14	Техникалық құжаттама. Отын мен жанар-жағармай материалдары шығынының нормалары, есептен шығару тәртібі.	1	1	-	
15	Өрт сөндірудің негізгі тактикалары.	1	1	-	
16	Өрт-техникалық жабдық және олармен жұмыс істеу тәсілдері.	2	1	1	
17	Өртке қарсы сумен жабдықтау. Су көзінен су алу.	3	1	2	
18	Өрт сөндіру автомобильдері қозгалысының қауіпсіздік теориясының және негіздерінің элементтері. Арнайы жарық және дайбыс сигналдарымен	1	-		

	жабдықталған автомобильдердің қозғалыс қағидалары.		1	
19	Өрт сөндіру автомобильдерінде жұмыс істеу.	4	-	4
20	Сынақ тапсыру.	4	1	3
Барлық сағат:	34	14	20	

Ескертпе: оқу аяқталғаннан кейін осы Оқу бағдарламаға 1 қосымшға сәйкес тиісті хаттаманы рәсімдеумен бастапқы дацындық нәтижелері бойынша комиссия отырысы өткізіледі және Оқу бағдарламға 2 қосымшага сәйкес ерікті өрт сөндірушілерді бастапқы дацындаудан өту туралы тиісті санат бойынша сертификат беріледі.

1. Ерікті өрт сөндірушілердің игеруіне жататын тақырыптардың мазмұны:

1) өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық база:

№ 1-тақырып. Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.

1, 2-сабак. "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бүйріғының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген), "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бүйріғының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24045 болып тіркелген), "Кәсіби өртке қарсы қызметтердің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 782 бүйріғының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9931 болып тіркелген) негізгі ережелері. Ерікті өртке қарсы құралымдардың мақсаттары мен міндеттері.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак;

2) өрт-құтқару дайындығы:

№ 1-тақырып. Жауынгерлік киім мен құрал-жабдық. Дабыл бойынша жиналу, шығу және өрт орнына жету.

1-сабак. Өрт сөндірушінің киім жабдығы, жауынгерлік киім мен құрал-жабдықтарды кию. Ауысымның жеке құрамының жинау, дабыл бойынша шығу және өртке шығу кезіндегі іс-қимыл тәртібі, қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабак.

№ 2-тақырып. Өрт құбырлары, қол және лафетті оқпандармен өрт сөндіру заттарын беру бойынша жаттығулар.

1-сабақ. Өрт құбырларымен, оқпандарымен, құбырлық арматуралармен және керек-жарақтарымен жаттығу.

Жүргізу әдісі: практикалық.

№ 3-тақырып. Өрт сатыларымен жаттығу.

1-сабақ. Сатыларды өрт сөндіру автомобилінен түсіру, оны тасымалдау, орнату, қабаттарға көтеру, жинау және автомобильге орнату тәсілдерімен практикалық пысықтау.

Жүргізу әдісі: практикалық.

№ 4-тақырып. Құтқару арқанымен жаттығу. Құтқару және өзін-өзі құтқару. 1,2-сабақ. Арқанды домалатып орау, конструкцияға төрт тәсілмен орау. Құтқару ілмегін тоқу және зардап шеккендерге кигізу. Зардап шеккендерді құтқару және өзін-өзі құтқару.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабақтар.

№ 5 тақырып. Өртте конструкцияларды ашу және бөлшектеу.

1-сабақ. Өртте зардап шеккендерді құтқару және түтінді шығару үшін конструкциялардың ашылатын орны мен көлемін анықтау. Конструкцияны ашу және бөлшектеу үшін пайдаланылатын құрал.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабақтар.

№ 6-тақырып. Су көзіне өрт сөндіру автомобилін (мотопомпаны) қойып өрістету. Өрістету кезіндегі өрт сөндірушінің іс-қимылдары.

1, 2-сабақ. Өрт сөндіру автомобилінің су көзіне орнатумен және орнатусыз бір (екі) оқпаннан 2-3 женге су берумен бөлімшені өрістету.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабақтар;

3) арнайы жабдықтар, байланыс құралдары, арнайы өрт техникасы:

№ 1-тақырып. Өрт сөндіру автомобилдері мен өрт сөндіру мотопомпаларының тактикалық-техникалық сипаттамалары.

1, 2-сабақтар. Өрт сөндіру автомобилдерінің жіктелуі. Негізгі, арнайы және қосалқы өрт сөндіру автомобилдерінің мақсаты, түрлері, тактикалық-техникалық сипаттары.

Өрт сөндіру мотопомпаларының мақсаты, түрлері және олардың қолданылу саласы. Мотопомпалардың негізгі техникалық сипаттары және құрылғысы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабақ.

№ 2-тақырып. Өрт сөндіру автомобилдерімен шығарылатын өрт-техникалық жабдық.

1-сабақ. Өрт сөндіру автомобилінде жабдықты орналастыру мен сақтау тәртібі. Автомобилдердегі өрт жабдығының тиесілік табелі. Негізгі мақсаттағы өрт сөндіру автомобилінің жабдығы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабақ.

№ 3-тақырып. Өрт құбырлары, жендік жабдық, өрт оқпандары.

1-сабақ. Өрт құбырларының және құбырлық арматуралардың, өрт оқпандарының мақсаты, құрылғысы, түрлері. Сорғыш және сорғыш-сору жендерді күту, пайдалану және сынағы. Өрт құбырларымен, оқпандармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабақ.

№ 4-тақырып. Өрт сөндіргіштер.

1-сабақ. Көмірқышқыл, ұнтақты және әуе-көбікті өрт сөндіргіштердің жұмысының мақсаты, қолдану саласы және қағидаты.

Жүргізу әдісі: практикалық сабақ.

№ 5-тақырып. Байланысты ұйымдастыру.

1-сабақ. Байланысты ұйымдастырудың мақсаты мен жалпы қағидаттары. Байланыс аппаратурасы. Стационарлық, тасымалданатын радиостанциялар, олардың құрылғысы мен жұмыс істеу тәртібі. Өрттегі байланысты ұйымдастыру. Радиоауысымды жүргізу қағидалары.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабақ;

4) авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу және өртті сөндіру тактикасы:

№ 1-тақырып. Жану және жанғыш заттар, өрт және оның өршуі туралы жалпы мәліметтер. Өртте жануды тоқтататын негіздер.

1-сабақ. Жану процесі туралы жалпы түсінік. Едәуір таралған жанғыш заттардың өрт қауіптілігі мен жану сипаты туралы қысқаша мәліметтер. Заттардың ұсақталуына байланысты тұтану температурасы, жану жылдамдығы, сумен дымқылдауы, жарылыс қауіпті қоспаны түзу қабілеті.

Өрт сөндіргіш құралдарды жіктеу және таңдау. Негізгі өрт сөндіргіш заттар мен сөндіру тәсілдері туралы жалпы мәліметтер.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабақ.

№ 2-тақырып. Өртті барлау. Өртті барлау кезіндегі өрт сөндірушінің іс-қимылдары.

1-сабақ. Өртті барлаудың мақсаты мен міндеттері. Барлауды ұйымдастыру және оны өткізу, барлауды өткізетін адамдардың міндеттері. Өртті барлау кезіндегі іс-қимылдары. Барлауды өткізудің әдістері. Көмекті қажет ететін адамдарды құтқару шараларын қабылдау. Өртті барлау кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабақ.

№ 3-тақырып. Өрттегі іздеу-құтқару жұмыстары. Адамдарды құтқару және мұлікті эвакуациялау кезіндегі өрт сөндірушінің іс-қимылдары.

1-сабақ. Қандай жағдайларда іздеу-құтқару жұмыстары жүргізіледі. Адамдарды іздең табу тәсілдері, тәртібі, құтқару жолдары мен тәсілдері. Адамдарды құтқару және мұліктерді эвакуациялау кезіндегі өрт сөндірушінің іс-қимылдары. Адамдарды құтқару және мұліктерді эвакуациялау кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабақ.

№ 4-тақырып. Өрт сөндіру тактикасы. Өрт сөндіру кезіндегі іс-қимылдар.

1-сабак. Өрт тактикасы туралы түсінік. Өртке қарсы қызмет органдарының жауынгерлік жарғысы – өрт тактикасының негізі. Өрт сөндіру кезіндегі іс-қимылдар. Өрт сөндіру – өртке қарсы жүйесінің құрамдас бөлігі және өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жауынгерлік іс-қимылдарының негізгі түрі. Өрт сөндіру міндеттері мен қағидаттары.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 5-тақырып. Елді мекендер мен ұйымдарда өрттердің сөндірудің ерекшеліктері.

1-сабак. Елді мекендер мен ұйымдарда өрттің дамуының және сөндірудің өрт-тактикалық сипаттамасы, ерекшеліктері.

Өрт сөндіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 6 тақырып. Даала өрттерін сөндіру ерекшеліктері.

1-сабак. Даала өртінің дамуы мен оны сөндірудің өрт-тактикалық сипаттамасы, ерекшеліктері.

Өрт сөндіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак;

5) өрттің алдын алу дайындығы:

№ 1-тақырып. Елді мекендердің, ұйымдардың, даала алқаптарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары.

1-сабак. Өрттің алдын алу міндеттері. Елді мекендерде, ұйымдарда, даала алқаптарында өрттердің шығуы мен таралуының негізгі себептері. "Өрт қауіптілігі" және "өрт қауіпсіздігі" түсініктері. Объектінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыттары туралы түсінік. "Өртті болдырмау жүйесі", "өртке қарсы қорғау жүйесі", "өртке қарсы режим" түсініктері. Өрт қауіпсіздігін регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 2-тақырып. Құрылым материалдарының түрлері және олардың жанғыштығы.

№ 1-сабак. Заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі қасиеттерінің сипаттамасы: жану тобы, тұтану температурасы, тұтану температурасы, өздігінен тұтану температурасы және өздігінен жану температурасы. Жалынның тұтануы мен таралуының концентрациялық және температуралық шегі. Заттар мен материалдарды қолдану кезіндегі өрт-жарылым қауіпсіздігінің шарттары.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 3-тақырып. Елді мекендердегі, ұйымдардағы, даала алқаптарындағы жалпы өрт қауіпсіздігі шаралары. Отпен байланысты және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі өртке қарсы іс-шаралар.

№ 1, 2-сабак. Елді мекендерде, ұйымдарда, даала алқаптарында болатын өрттердің негізгі себептері. Өртке қарсы нұсқаулықтар (жалпы объектілік, цехті және жекелеген

өндірістік қондырғылар үшін). Кәсіпорындардың, жекелеген цехтердің өрт қауіпсіздігін сактауға жауапты лауазымды адамдардың міндеттері.

Жұмыстарының түрлері және олардың өрт қауіптілігі. От жұмыстарының тұрақты және уақытша орындары. От жұмыстарына қадағалауды ұйымдастыру. От жұмысын жүргізуде басшылықта алатын негізгі құжаттар. От жұмысының орындарын жұмыс алдында және оның соңында қарастыру. Өрт жарылыс қауп объектілерде, қондырғылар мен құрылыштарда от жұмысын ұйымдастыру және жүргізу.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 4-тақырып. Сыртқы және ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау.

1, 2-сабак. Шаруашылық жүргізу объектілерін сыртқы және ішкі сумен жабдықтау сыйбалары. Өрт сөндіру су айдындары мен гидранттарын орнату және оларды пайдалану кезіндегі өртке қарсы талаптар және құрылғы. Ишкі өрт крандарын орналастыру мен жабдықтауға қойылатын талаптар, оларды өртте пайдалану.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабактар;

6) өртте зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету:

№ 1-тақырып. Қан кетуді тоқтатудың негізгі қағидалары.

1-сабак. Таңғышты қойып, артерияны қысу, буындарды барынша бүгіп, жгут салу.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 2-тақырып. Жасанды тыныс алдыру мен жүректі сыртынан (тұсынан) уқалаудың негізгі қағидалары мен тәсілдері. Тамырдың соғысын анықтау.

1-сабак. Өмір мен өлімнің (биологиялық және клиникалық) белгілері. Жүректің тоқтау белгілері. Тамырдың соғысын анықтау тәртібі. Бір және екі өрт сөндірушінің жүрек-өкпе реанимациясын жасау алгоритмдері. Жүрек-өкпе реанимациясының дағдыларын пысықтау.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабактар.

№ 3 тақырып. Жарақат алғанда, шытынағанда, буын тайғанда, сынғанда алғашқы көрсетілетін көмектің әдістері.

1-сабак. Бас сүйекті, кеудені, ішті тесіп өтетін жарақаттар. Алғашқы көрсету ерекшеліктері (жарақаттарды тану, таңғыштар, жансыздандыру, жатқызу, тасымалдау). Бас, мойын, кеуде күйесі жараланғанда дәрігерге дейінгі көмек (бас, мойын, бет, иек бөліктерін тану). Кеуде мен іш жараланғанда өзара және өзіне көмек көрсету. Пневмоторакс. Өзіне және өзара көмек. Таңу, аяқ-қолды тану дағдыларын пысықтау (иық, білек буыны, саусақтар).

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабактар.

№ 4-тақырып. Үсіген, химиялық және термиялық күйгенде алғашқы көрсетілетін көмектің әдістері.

1-сабак. Күйіктер, түрлері, ауыртпалығы. Естен танудың профилактикасы, алғашқы көмек көрсетудің алгоритмдері. Үсіктің түрлері, алғашқы көмек көрсету түрлері. Гипотермия мен гипертермия, алғашқы көмек көрсетудің ерекшеліктері.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабактар;

7) халықты өрт қауіпсіздігі шараларына және өрт шыққан кездегі іс-қимылдарға оқыту:

№ 1-тақырып. Халықпен және ұйымның жұмыскерлерімен өртке қарсы нұсқама жүргізу және өрт-техникалық минимумды зерделеу.

1-сабак. Өртке қарсы нұсқама жүргізу немесе өрт-техникалық минимумға үйрету арқылы халықты және ұйымдардың жұмыскерлерін өрт қауіпсіздігі шараларына оқытуды ұйымдастыру тәртібі. Өртке қарсы нұсқама түрлері және оларды жүргізу мерзімділігі.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак;

8) қауіпсіздік техникасы:

№ 1-тақырып. Өрт сөндіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

1-сабак. Өрт техникасына, өрт-техникалық жабдығына, жауынгерлік киім-кешек пен құрал жабдыққа қойылатын талаптар. Өрт сөндіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптары. Дабыл бойынша жиналу және жолға шығу, өртке (аварияға), дүлей зілзалаға жету кезіндегі қауіпсіздік техникасы, жауынгерлік өрістету және өрт сөндіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак;

9) психологиялық дайындық:

№ 1-тақырып. Қысылтаяң жағдайда іс-қимылдарға психологиялық дайындық.

1-сабак. Қысылтаяң жағдайда өзін ұстау. Қысылтаяң жағдай туралы түсінік. Психоэмоциялық қкүйзелікті басу.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

Ерікті өртке қарсы құрылымдарын өрт сөндіру автомобилдерінің жүргізушілері бастанқы даярлаудың тақырыптық жоспары.

2. Ерікті өрт сөндіруші-жүргізушілер игеруге жататын тақырыптардың мазмұны.

№ 1-тақырып. Өрт сөндіру автомобилдерінің жіктелуі мен таңбалануы.

1-сабак. Орындалатын жұмыстардың, базалық шассидің түрі, жүк көтерімділігі бойынша өрт сөндіру автомобилдерінің жіктелуі. Өрт сөндіру автомобилдерінің үш топқа (негізгі, арнайы, қосалқы) бөлінуі. Өрт сөндіру автомобилдерін таңбалау – олардың жедел-тактикалық сипаттарының негізі.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 2-тақырып. Негізгі мақсаттағы өрт сөндіру автомобилдері және олардың негізгі тактикалық-техникалық деректері.

1-сабак. Автоцистерналар мен құбырлы-сорғыш автомобилдердің қысқаша тактикалық-техникалық сипаттамасы, қолдану саласы. Негізгі агрегаттар мен арнайы мақсаттағы жүйелердің мақсаты, орналасуы, құрылғысы және өзара іс-қимыл жасасуы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 3-тақырып. Арнайы мақсаттағы өрт сөндіру автомобильдері және негізгі тактикалық-техникалық деректері.

1-сабак. Арнайы мақсаттағы өрт сөндіру автомобильдері туралы жалпы мәліметтер. Мақсаты, жалпы құрылғысы, негізгі параметрлері, жұмыс қағидаты.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 4-тақырып. Қозғалтқышты қосымша салқындану жүйесі. Су мен көбіктенліршігішке арналған сыйымдылық. Су, көбіктендіргіш және сорғыш бөлігі сыйымдылықтарын жылдыту.

1-сабак. Қосымша салқындану жүйесінің құрылғысы және жұмысы. Салқындантылған сұйықтың температурасын бақылау және реттеу. Қосымша салқындану жүйесінің негізгі ақаулары. Ақаулардың белгілері мен себептері және оларды жою тәсілдері.

Толқынтосқылардың, қылтамойынның, бақылау құбырының, тұндырманың, жылдыту құбырының мақсаты мен орналасуы. Цистерна мен бакты автомобиль рамасына бекіту. Су көбікті құрылымдарды қосу. Су сыйымдылықтары мен көбіктендіршігіштің негізгі ақаулары және оларды жою тәсілдері. Сыйымдылықтарға техникалық қызмет көрсету кезінде жұмыс және оларды орындау тәсілдері.

Су сыйымдылықтарын, көбіктендіргішті және сорғыш бөлігін жылдыту.

Жүргізу әдісі: практикалық сабак.

№ 5-тақырып. Өрт сөндіру сорғыштары.

1, 2-сабак. Жоғары қысымның сатысымен құрамдастырылған сыртқа тебуші өрт сөндіру сорғышының мақсаты және жұмыс істеу қағидаттары. Сорғыштардың құрылғысы. Сорғыштың негізгі тораптары мен бөлшектерінің мақсаты. Мақсаты және орналасуы:

бақылау құралдары (мановакууметр, тахометр);

клапан-вакуум;

көбік араластырғыштың ысырмасы;

құбырлар, вентильдер

төгу краны және басқа да су-көбік коммуникациялары. Автомобильдің рамасына сорғышты бекіту.

Ақаулардың белгілері мен себептері және оларды жою тәсілдері. Сорғыштың герметикалығын тексеру.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабактар.

№ 6-тақырып. Вакуумдық жүйе. Газ шапшытатын вакуум аппаратының және газ сиренасның блогы.

1-сабак. Газ ағысты вакуум-аппаратының және газ дабылының мақсаты, орналасуы, құрылғысы және жұмысы. Блоктың жұмысын басқару органдары. Негізгі ақаулары және оларды жою тәсілдері.

Вакуум жүйесі құралдарының мақсаты, орналасуы және өзара іс-қимыл жасасуы. Сорғыш вакуум клапанының іс-қимыл жасау құрылғысы және қафидаттары. Вакуум жүйесін қосу тәсілдері. Ақаулардың себептері және оларды жою тәсілдері.

Жүргізу әдісі: практикалық сабақ.

№ 7-тақырып. Көбікпен сөндірудің құралдары, жабдықтары және аппараттары.

1, 2-сабақ. Көбік араластырғыш: мақсаты, түрлері, құрылғысы, іс-қимыл қафидаттары және техникалық сипаты. Сорғышта көбік араластырғышты орнату және құбырға қосу.

Көбік төгу мен көбіктентіргіштің құрылғысы: мақсаты, түрлері, құрылғысы. Әуе-көбік оқпаннның, көбік генераторының жұмысы. Көбікпен сөндіру құралдары мен аппаратының негізгі ақаулары. Ақаулардың белгілері мен себептері және оларды жою тәсілдері.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабактар.

№ 8-тақырып. Өрт сөндіру мотопомпалары.

1-сабақ. Өрт сөндіру мотопомпаларының мақсаты, түрлері, оларды қолдану. Мотопомпалардың негізгі техникалық сипаттары және құрылғысы. Мотопомпалардың өрт сөндіру жабдықтары. Негізгі ақаулар және оларды жою тәсілдері. Мотопомпаларды іске қосу, олардың жұмысы және күту. Техникалық қызмет көрсету кезіндегі жұмыстар. Жұмыс істеу барысындағы қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: практикалық сабақ.

№ 9-тақырып. Басқару органдары. Өрт сөндіру автомобилдерінің бақылау-өлшеу құралдары. Өрт сөндіру автомобилдерінің қосымша электр жабдығы. Жауынгерлік есептоптың кабинасына жылу беру.

1-сабақ. Иінтіректіердің орналасуы мен мақсаты (ілініс, қуатты таңдау қорабы және т.б.). Басқару органдарымен іс-қимыл тәсілдері.

Бақылау-өлшеу құралдары, олардың мақсаты, құрылғысы, іс-қимыл қафидаттары мен орналасуы.

Жарық беру және сигналадау құралдарының мақсаты және орналасуы. Ауыстырып қосқыш, ағытқыш және сақтандырғыштың іс-қимыл қафидаттары және орналасуы. Қосымша электр жабдығының сызбасы. Қосымша жарық беру және сигналдау құралдарының негізгі ақаулары. Ақаулардың белгілері мен себептері және оларды жою тәсілдері.

Бензоэлектрлік жылу беру жұмысының құрылғысы және жұмыс істеу қафидаттары. Жылу беру жұмысын басқару және бақылау.

Жүргізу әдісі: практикалық сабақ.

№ 10-тақырып. Шанақ, өрт-техникалық жабдық.

1-сабақ. Жауынгерлік есептоптың кабинасы және зерделенетін өрт сөндіру автомобилдерінің шанағы. Бөліктердің орналасуы мен мақсаты.

Су көбікті жабдықтың, өрт сөндіру оқпандарының, өрт құбырлары мен керек-жарақтарының, өрт қол сатыларының, өрт сөндірушілердің қол құралдарының мақсаты, орналастыру және бекіту. Өрт сөндіру жабдығы тиіслігінің табелі.

Жүргізу әдісі: практикалық сабақ.

№ 11-тақырып. Өрт сөндіру автомобилдері мен олардың агрегаттарының техникалық жай-күйін диагностикалау.

1, 2-сабақ. Техникалық диагностикалаудың мақсаты және міндеттері. Өрт сөндіру автомобилдеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің технологиялық процесінде диагностиканың орны. Диагностикалау параметрлерінң нормативтік мәндері. Диагностикалық құралдар болмағанда өрт сөндіру автомобилдерінің арнайы агрегаттарын тексеру және сынау. Автомобилдерді диагностикалау кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабақ.

№ 12-тақырып. Өрт сөндіру автомобилі жүргізушісінің біліктілік сипаттамасы және міндеттері.

1-сабақ. Өрт сөндіру автомобилінің жүргізушісіне қойылатын қосымша кәсіби талаптар. Өрт сөндіру автомобилі жүргізушісінің міндеттері: өртте жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу кезінде.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабақ.

№ 13-тақырып. Өрт сөндіру автомобилдеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

1, 2-сабақ. Техникалық қызмет көрсетудің түрлері және мерзімділігі. Техникалық қызмет көрсету, маусымдық қызмет көрсету кезінде және автомобилді өрттен келгеннен кейін жауынгерлік есептопқа қоймас бұрын жұмыс істеуінің маңызы.

Өрт сөндіру автомобилдерін жөндеудің жүйесі, түрлері және әдістері. Өрт сөндіру автомобилдерінің жөндеу арасындағы жүріс өлшемдері мен нормаларына ықпал ететін факторлар. Автомобилдерді жөндеуге тапсыру және жөндеуден алу. Жөндеу жүргізуді ұйымдастыру. Жөндеуден кейін өрт сөндіру автомобилдеріне қойылатын техникалық талаптар. Өрт сөндіру автомобилдерін жөндеуге техникалық құжаттама, жөндеуді есепке алу. Өрт сөндіру автомобилдерін жөндеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабақ.

№ 14-тақырып. Техникалық құжаттама. Отын мен жанар-жағармай материалдары шығынының нормалары, есептен шығару тәртібі.

1, 2-сабақ. Өрт сөндіру автомобилінің техникалық төлқужаты, формуляры және пайдалану карточкасы. Техникалық қызмет көрсету кестесі, өрт сөндіру автомобиліне техникалық қызмет көрсету журналы, автомобилдердің шиналары мен аккумулятор батареясы жұмысын есепке алу карточкасы. Оларды толтыру кезеңділігі мен қағидалары.

Өрт сөндіру автомобильдеріне арналған сұйық отын мен жанар-жағармай материалдарының шығын нормалары. Отынның жазғы және қысқы шығын нормалары. Жанағышты есептен шығару тәртібі. Автомобильдердің отынын үнемдеу және отын шығыны туралы түсінік. Автомобильдерді үнемді басқарудың әдістері мен тәсілдері. Отынды үнемдеп шығындауға автомобиль жүйесін реттеу. Экстремалды жағдайларда отынды пайдалану мен шығындаудың ерекшеліктері. Отын шығынына жүргізушінің біліктілігінің ықпалы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 15-тақырып. Өрт сөндірудің негізгі тактикалары.

1-сабак. Өрт сөндіру тактикасы туралы жалпы түсінік. Өрт сөндіру барысында өртке қарсы қызмет бөліністерінің негізгі әрекеттері. Өртте жауынгерлік іс-қимылды жүргізу барысында жүргізушілер жұмысының маңызы. Өрт сөндіру барысында жүргізушілер жіберетін сипатты қателіктері.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 16-тақырып. Өрт-техникалық жабдық және олармен жұмыс істеу тәсілдері.

1, 2-сабак. Өрт-техникалық құралдардың түрлері, мақсаты және құрылғысы. Сорғыш құбырлар, сорғыш торлар, олардың мақсаты, құрылғысы, қысқаша сипаты. Қосқыш, сорғыш және қысымды құбырлардың кілттері.

Қысымды құбыр, олардың мақсаты және қысқаша сипаты. Өрт сөндіру құбырларын, құбырларды қосу бастиектеріне, төсемдерге, тоқтатуларға, қысқыштарға, ер түрмандарға, көпіршелерге арналған су жинағыш және оның мақсаты және жендік бағытпен төсеуде пайдалану.

Су беруге арналған (жабатын, тозандатқыштар, құрамдастырылған, лафетті) өрт сөндіру оқпандары, саптамалар және олардың мақсаты. Судың шығыны мен ағындардың ұзақтығы туралы түсінік. Олардың саптамадағы қысымына тәуелділігі. Гидроэлеватор және су жинайтын эжектор. Олардың мақсаты, құрылғысы, жұмыс тәртібі.

Жендік тармақтау, олардың мақсаты мен құрылғысы. Құбырлар, жең құбырлық шарғылармен жұмыс істеу, су толтыру үшін жеңқұбырлық бағытты жинау кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабактар.

№ 17-тақырып. Өртке қарсы сумен жабдықтау. Су көзінен су алу.

1, 2-сабак. Өрт сөндіру сумен жабдықтау туралы жалпы мәліметтер. Өрт сөндіру үшін пайдаланылатын су көздерінің түрлері мен орналасуы. Өрт сөндіру гидранттар, оның мақсаты, құрылғысы, су құбырлары желісінде өрт сөндіру гидранттарының орналасуы. Гидранттардың көрсеткіштері және пайдалану қағидалары. Жазғы және қысқы уақыттарда өрт сөндіру гидрантын пайдалану ерекшеліктері.

Өрт сөндіру бағаны, оның мақсаты мен құрылғысы. Бағандарды гидрантқа орнату кезінде гидрант пен бағандар бөлшектерінің өзара іс-қимылы, суды іске қосу және жабу.

Өрт сөндіру бағандарымен жұмыс істеу кезінде және өрт сөндіру автомобилдерін су көздеріне орнату кезіндегі қауіпсіздік техникасы. Суайдынынан су толтыру үшін өрт сөндіру автомобиліне орнату.

Жүргізу әдісі: аудиториялық және практикалық сабактар.

№ 18-тақырып. Өрт сөндіру автомобилдері қозғалысының қауіпсіздік теориясының және негіздерінің элементтері. Арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталған автомобилдердің қозғалыс қағидалары.

1-сабак. Автомобиль қозғалысы теориясының элементтері. Автомобилдерге эсер ететін күштер. Өрт сөндіру автомобилдерінің ауырлық ортасының орналасуы. Қозғалыстың орташа жылдамдығы. Автомобилді тежеу. Өрт сөндіру автомобилінің тұрақтылығы және басқарушылығы.

Арнайы дыбыс және жарық сигналдарымен жабдықталған автомобилдерді жүргізуге қойылатын қауіпсіздік талаптары. Автомобилді басқару кезінде жүргізушілерге арналған міндет.

Жүргізу әдісі: аудиториялық сабак.

№ 19-тақырып. Өрт сөндіру автомобилдерінде жұмыс істеу.

1, 2-сабак. Су көздерінен су толтыру үшін автомобилді, мотопомпаларды орнатуға орын таңдау (гидрант немесе ашық суайдын).

Сорғыш және қысымды желінің желіге төсемі. Вакуум-аппаратын, сорғышты іске қосу және жұмыс істеуі және құбырлық желілерге су беру. Гидранттан, ашық суайдын мен цистернадан су толтыру.

Сорғыштың практикалық шегінен асатын гидроэлеватордың көмегімен терең және қашықтықтан сорғышпен су беру.

Жүргізу әдісі: практикалық сабак.

Ерікті өрт сөндірушілерді
бастапқы даярлаудың оқу
бағдарламасына
1-қосымша

**Бастапқы даярлаудың нәтижелері жөніндегі комиссия отырысының № ____ хаттamasы _____
(оқу оргалығының толық атауы)**

20 ____ жылғы " ____" ____ № ____ бүйрыққа (өкімге) сәйкес комиссия мынадай құрамда:

төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) мүшелері:

1. _____

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

2. _____

3. _____

4. _____

20 __ жылғы " __ " ____ бастапқы даярлаудың нәтижелері бойынша білімді тексеруді өткізіп, мынадай нәтижелер анықталды:

p/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Белгі	Қолы
1				
2				

Комиссия төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

Комиссия мүшелері:

1. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

2. _____

3. _____

4. _____

М.О. 20 __ жылғы " __ " ____

Ерікті өрт сөндірушілерді
бастапқы даярлаудың
оку бағдарламасына
2-қосымша

Сертификат о прохождении первоначальной подготовки добровольных пожарных

Оку орталығының атауы (мемлекеттік тілде)	Символика (при наличии)	Наименование учебного центра, (на русском языке)
№ _____ СЕРТИФИКАТ		
Выдан _____ берілді		
Ерікті өрт сөндірушінің бастапқы даярлаудан өткені туралы		
О прохождении первоначальной подготовки добровольного пожарного		
Білім алушының санаты _____		
Категория обучаемого		
Оку ортылығының басшысы		
Руководитель учебного центра _____ (Т.А.Ә., Ф.И.О.) (қолы, подпись)		
Мөр орны	Берілген күні _____	
Место печати	Дата выдачи	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК